



Сенатта экожүйені сақтау мәселесі талқыланды

Бүгін Сенатта Палата Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырысқа Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың және азаматтық сектордың өкілдері, сондай-ақ, сарапшылар қатысты. Іс-шара барысында биоәртүрлілік саласындағы қазіргі ахуал, оны сақтауды жетілдіру тетіктері, орнықты болашақ үшін құрлықтың экожүйелерін тиімді пайдаланудың маңызы және осы бағыттағы басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

Комиссия отырысында қатысушылар қазіргі таңда бүкіл әлемде экожүйелерге қауіп төніп тұрғанына және олар кешенді қорғауды қажет ететініне назар аударды. Орнықты даму индексінің 2024 жылғы көрсеткішіне сәйкес құрлықтың экожүйелерін сақтау Қазақстандағы ең өзекті алты мәселенің қатарына қосылған. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасымен бұл бағытта жүйелі жұмыс қолға алынып, іске асырылып жатыр. Нақты айтқанда, Парламенттік комиссияның Төрағасы атап өткендей, заңнамалық жұмыстармен қатар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы және басқа да жүйелі шаралар іске асырылып келеді.

«Өткен аптада БҰҰ Бас Ассамблеясы Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталығын құру туралы қарарды консенсус негізінде қабылдады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұл бастамасын іске асыру еліміз үшін үлкен жетістік екені анық. Аталған шешім Қазақстанды ұлттық және халықаралық деңгейде орнықты дамуға белсенді ықпал ететін мемлекет ретінде мойындауды білдіреді. Аймақтық орталық құрғақшылықпен, шөлейттенумен және ауаның ластануымен күресу бағытында су ресурстарын тиімді пайдалануға арналған жобаларды үйлестіреді. Сондай-ақ жасыл технологияларды енгізуге ықпал етеді», деген Мәулен Әшімбаев отырыстың күн тәртібіндегі басым міндеттерге тоқталды.

Мәселені талқылау кезінде Парламенттік комиссияның мүшелері мен сарапшылар биоәртүрлілікті сақтау және құрлықтың экожүйесін тиімді пайдалану аясында орман ресурстары мен сирек кездесетін жануарлар популяциясын көбейтуге, сондай-ақ, жердің тозуы мен браконьерліктің алдын алуға басымдық берудің маңызды екенін айтты. Бұл ретте жел мен су эрозиясы, жүйесіз мал жаю, егін шаруашылығының технологияларын сақтамау, ауылшаруашылық жерлерін пайдалануды бақылаудың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер туралы сөз болды. Сенат Төрағасының айтуынша, бұл жұмысқа барлық мүдделі тараптың қатысуы аса маңызды. Өйткені осы бағыттағы үдерістер өзара тығыз байланысты және бір-біріне тікелей әсер етеді.

«Қазақстан аумағында орман алқаптарының көлемі тек 5 пайызды ғана құрайды. Ормандарды отау, орман өрттері, орман ресурстарын қалпына келтіруге жеткілікті деңгейде көңіл бөлмеу сияқты антропогендік әсерлердің салдарынан бұл жағдай одан әрі күрделене түседі. Сондай-ақ 90 млн гектардан астам жер эрозияға ұшыраған. Бұл – ауыл шаруашылығы үшін ең өзекті проблемалардың бірі. Еліміздің алдында тұрған тағы бір маңызды міндет – сирек кездесетін жануарлардың популяциясын сақтау және көбейту. Бұл саладағы негізгі мәселе браконьерлік болып қалып отыр. Сирек кездесетін жануарлардың мүйіздері мен терілерінің контрабандалық саудасы олардың санының төмендеуіне әкеліп соғады. Жануарлар әлемінің әртүрлілігін сақтау орман, топырақ және жайылымдар экожүйесінің жағдайымен де тікелей байланысты. Жалпы, құрлықтың экожүйелерін қорғау, биоәртүрлілікті сақтау мемлекеттік және қоғамдық институттардың үнемі назары мен үйлесімді жұмысын талап етеді», деді Палата Төрағасы.

Талқылау нәтижесінде мемлекеттік органдардың өкілдері мен сарапшылар алдағы бірлескен жұмысқа қатысты тың бастамаларға тоқталып, өз ұсынымдарын айтты. Мәулен Әшімбаев отырысты қорытындылай келе, көшенді жұмыстың басым бағыттарын айқындап, қатысушыларды белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға белсенді қатысуға шақырды. Нақты шаралардың қатарында табиғатты қорғау іс-шараларын қаржыландыру мәселелері де бар екенін атап өткен жөн.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Әзербайжанның Сыртқы істер министрі Джейхун Байрамовпен кездесу өткізді.

Президент мейманға ілтипат білдіре отырып, сан қырлы мемлекетаралық байланысты одан әрі нығайту тұрғысынан бұл кездесудің маңызын атап өтті.

«Сіздің сапарыңыздың бауырлас Әзербайжан елімен ынтымақтастығымызды одан әрі ілгерілету тұрғысынан мәні зор. Біз үшін Әзербайжанмен қарым-қатынас ерекше маңызға ие. Біз Сіздің еліңізді сенімді стратегиялық серіктес және одақтас ретінде қарастырамыз», деді Президент.

Өз кезегінде Әзербайжанның Сыртқы істер министрі дәстүрлі түрде қонақжайлық



Мемлекет басшысы Әзербайжанның Сыртқы істер министрін қабылдады

танытқаны үшін ризашылығын білдіріп, екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

Джейхун Байрамов орайлы сәтті пайдалана отырып, әзербайжандық әуе желісіне тиесілі ұшақтың Ақтаудағы

апараты кезінде жедел көмек көрсеткені үшін Қазақстан тарапына Президент Ильхам Әлиев пен Әзербайжан халқының атынан алғыс айтты.

Кездесуде ауқымды стратегиялық жобаларды жүзеге асыру, соның ішінде Каспий теңізінің табаны арқылы

талшықты-оптикалық байланыс пен суасты электр желісін тарту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар сауда, инвестиция, цифрландыру, көлік-транзит салаларындағы өзара ықпалдастықты одан әрі жандандыру перспективасы қарастырылды.

Ғарыштық мониторингтің ауқымы кең



Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Ұлттық ғарыш орталығына барды. Министр ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға бағытталған ғарыштық мониторинг саласындағы қазіргі заманғы шешімдері, отандық жерді қашықтықтан зондтау спутниктік жүйелерінің жұмысы, ауыл шаруашылығы өндірісін мониторингтеуге арналған цифрлық платформалармен, сондай-ақ ғарыш инфрақұрылымын дамыту перспективасымен танысты.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы АҚ мамандары ғарыштық спутниктер арқылы алынған деректер ауыл шаруашылығы саласында егін, жайылымдық жерлердің жай-күйін мониторингтеу, су тұтыну-ды бағалау үшін қалай қолданылатынын түсіндірді. Олар жерді қашықтықтан зондтау деректері арқылы жүргізілген ауыл шаруашылығы жерлерінің мониторингінің нәтижесін ұсынды.

Презентация қорытындысы бойынша министр ұлттық компания ғарыштық мониторинг деректері мен АШМ қалыптастырған ақпаратты салыстырмалы бағалау жүргізуді тапсырды. Бұл тапсырма ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйін, пайдаланылуын бағалауға арналған бірізді тәсілдерді қалыптастыруға, сондай-ақ егістік алаңы, өнімділік және су тұтыну бойынша есептердегі айырмашылықтарды нақтылауға бағытталған.

Кездесу барысында агроөнеркәсіп кешені (АӨК) үдерістерін автоматтандыру және цифрландыруға бағытталған цифрлық платформалар таныстырылды. Олардың ішінде ауыл шаруашылығы жерлеріне қатысты геокеңістік деректерді беруге арналған «Agro-srasc» платформасы да бар. Жалпы алғанда, сала басшысы ғарыштық мониторингті АӨК секторында қолдануды әрі қарай кеңейтудің маңыздылығын айрықша айтып өтті.



ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ ТҮРКІСТАННЫҢ ТӨРІНДЕ СӘКЕН МАЙҒАЗИЕВТІҢ ӘН КЕШІ ӨТТІ

Түркістан қаласында орналасқан «Конгресс Холл» көпсалалы кешеніне Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, “Дарын” мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, ғұмырының 30 жылға жуық уақытын қазақ өнері мен мәдениетіне арнаған Сәкен Майғазиевтің шығармашылық кеші өтті.

Шарада түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев кеш иесіне деген ізгі тілегін білдірді. Сәкен Қордабайұлының қазақ өнері мен мәдениетіне қосқан үлесіне тоқталып, облыс әкімінің арнайы құттықтауын табыс етті.

Сонымен қатар, айтулы шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жылы лебізін арнады. Сәкен Қордабайұлына Түркі әлемінің рухани астанасы, қасиетті Түркістан төрінде Созақ ауданының Құрметті азаматы атағын табыс етті.

«Кие дарып, құт қонған, ырыс ұялап, ынтымақ орныққан қасиетті Созақ өңірі қазақ елінің өнері мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесіңізді айрықша бағалап, мақтан тұтады. Әрбір күніңіз жаңа жетістіктер мен ерекше сәттерге толы болсын», - деді аудан басшысы.

Кеште Сәкен Қордабайұлы көрермендерге арналған ерекше әндерін жарқын да әсерлі етіп, жанды дауыста орындады. Бұған қоса «Музарт» триосы шараға жиналған жұртшылықты әсем әнмен әлдиледі. Кеш қонақтары халықтың ықыласына бөленген өнер иесіне зор қошеметтерін білдірді.

"Арулар-асыл жандар"

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектепте Өзін-өзі басқару ұйымы мен мектеп оқушыларының қатысуымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай “Арулар-асыл жандар” атты мерекелік іс-шара болып өтті. Бұл іс-шараның басты мақсаты – аналарымыз бен аруларымыздың қоғамдағы рөлін айшықтап, оларға құрмет көрсету, мейірім мен махаббатқа толы жүректеріне алғыс білдіру.

Іс-шараны мектеп директоры Ә.Сағындықов ашып, ақ жаулықты аналарымыз бен қыз-келіншектерімізге, жылы лебіздерін білдірді.

Іс-шара барысында аяулы ұстаздар сый-сияпат көрсетіліп, олардың қоғамдағы еңбегі мен отбасындағы

асыл рөлі ерекше аталып өтті. Сонымен қатар, мектебіміздің біршама мұғалімдері мен қызметкерлері аудандық кәсіподақ ұйымының арнайы Алғыс хатымен, және мектеп директорының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Көңілді кеш әсем әндермен, мың бұралған билермен, жүрекжарды құттықтаулармен жалғасты. Ауданымызға танымал “Созақ серілері” тобының әдемі ән шашуларымен жалғасын тапты. Барша нәзік жандарға тек бақыт, шаттық пен денсаулық тілейміз. Аналарымыз аман болсын, аяулы аруларымыздың жүзі әрдайым нұрланып жүрсін!

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті Созақ ауданының тұрғындары!
Түркістан облыстық мәслихаты ХАБАРЛАЙДЫ**

2025 жылғы 1 сәуір күні сағат 10-00-де «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Созақ ауданынан сайланған сегізінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихаты депутаттары Бегімбет Биімбетұлы Байғараев, Мағауия Сексенбайұлы Тұрысбеков халық алдында есеп беру кездесуін өткізеді.

Өтетін орны: Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16. Аудан әкімдігінің мәжіліс залы.

АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНАЛАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Шолаққорған ауылында орналасқан «Іңкәр» мейрамханасында алтын құрсақты, аяулы аналарға арналған мерекелік дастархан жайылды. Мерекелік шараға аудан аумағындағы барлық ауылдық округтер мен кенттерден 100-ден астам алтын құрсақты ана қатысты.

Жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ақ жаулықты әжелер мен ардақты аналарды мерекелерімен құт-

тықтап, жылы лебізін білдірді. Барлық аналарға ақ жаулық орамал жауып, гүл шоқтары мен сый-сияпат табысталды.

Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов және аудандық әжелер алқасының төрайымы Мәруа Қайыржанқызы аналарды құттықтап, қоғамдағы ең-

бектерінің маңыздылығын ерекше атап өтті. Шараға қатысқан ел ағалары да аналарға деген ізгі тілектерін жеткізді.

Мерекелік іс-шарада аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Барша аналар ұйымдастырылған шараға өз алғыстарын білдіріп, ерекше әсерге бөленді.



"Ұжыммен кітап оқимыз" жобасының жеңімпаздары марапатталды

Созақ аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция бөлімшесінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манапованың қатысуымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Созақ аудандық орталық кітапханасының “Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана” жылжымалы пунктінде өткен “Ұжыммен кітап оқимыз” жобасының жеңімпаздары анықталып, салтанатты түрде марапатталды.

Марапаттау рәсіміне Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы арнайы қатысып, жеңімпаздарға ыстық ықыласын білдірді. Сондай-ақ, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында құрылған арнайы топтың мүшесі, Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі инспектор, полиция майоры Манапова Айжан



Қалмаханқызы жиналған қауымды мерекелен құттықтап, қыз-келіншектерге гүл шоқтарын табыстады.

Жоба жеңімпаздары Нысанбаева Аякөз Айдарханқызы, Исаева Ақнұр Жандарбекқызы, Батырова Нұршат Темірбайқызы.

Жеңімпаздарға есімдері жазылған қойын дәптер сыйға тартылды. Бұл жоба ұжымдық оқуды насихаттаумен қатар, кітапхананың қоғаммен байланысын нығайтуға бағытталған игі бастамалардың бірі болып табылады.

Арнайы кабинет ашылды



М.Маметова атындағы жалпы білім беретін мектебінде Шәлімбетов Қуанышбек атындағы “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” орталығына арналған кабинеттің салтанатты ашылуы болып өтті.

Іс-шараның мақсаты еңбек жолын жас ұрпаққа насихаттау, жастарға тарихи, мәдени тәрбиелік үлгі көрсету болып табылады.

Іс-шараға білім бөлімінің басшысы Абай Өтебаев, ар-

дагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әбдірашұлы, ұл-қыздары, туыстары қатысты. Іс-шара барысында кабинеттің лентасын қиып, оқушылар Шәлімбетов Қуанышбек атының өмірбаянымен таныстырды. Келген қонақтар Шәлімбетов Қуанышбекті еске алып, есте қалған естеліктерімен бөлісті. “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” кабинеті ұл-қыздарының демеушілігімен жабдықталды. Іс-шара соңында мектеп директоры Хордашбеков Мұратбек сөз сөйлеп, келген қонақтарға алғыс айтып, ыстық лебізін білдірді.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



Заң және тәртіп аясында

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында кәмелетке толмаған мектеп оқушыларының қатысуымен орын алатын қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Заң және тәртіп» тақырыбында тағылымды шара ұйымдас-тырылды.

Шараның шымылдығы жасөспірімдер арасындағы құқық-бұзушылықтың негізгі себептері мен оны алдын алу шаралары туралы дайындалған бейнероликпен түрілді. Бейнероликте жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың қоғамға тигізетін кері әсері мен оның зардаптары туралы маңызды ақпараттар берілді. Сонымен қатар, қатысушыларға құқықбұзушылықтың ауыр зардаптары мен құқықтық жауапкершілікті түсіндіру мақсатында сахналық қойылым көрсетілді.

Шарада аудан әкімінің орынбасары Алтын Ешанқұлова сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдерге тәрбие беру мәселелерінің тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті екеніне ерекше тоқталды. Аудандық білім бөлімінің басшысы Абай Өтебаев пен аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры Нұрәділ Нұрланұлы да сөз алып, жасөспірімдерге құқықтық тәрбие беру мәселесінің маңыздылығына тоқталды. Олар құқықбұзушылықтың алдын алу-да мектеп пен қоғамның ынтымақтастығының маңыздылығын атап өтті.

«Еңбек жолы» конкурсына қатысайық!



Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын ілгерілету мақсатында 2016 жылдан бастап еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлері арасында өткізілетін «Еңбек жолы» республикалық конкурсы белгіленді. Конкурста мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, саласына қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады. Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

- 1) «Үздік еңбек әулеті» бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.
- 2) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады;
- 3) «Өндірістің үздік жас маманы» бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады.

Конкурсты өткізу мерзімдері:

-2025 жылғы 1 шілдеге дейін мерзімде-қалалық, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері үміткерлерден өтінімдерді қабылдау;

-2025 жылғы 25 шілдеге дейін облыстық комиссияның шешімімен конкурстың өңірлік кезеңінің жеңімпаздарын айқындау;

-2025 жылғы 1 тамызға дейін одан әрі республикалық деңгейге қатысу үшін Еңбекминіне конкурстың өңірлік кезеңі жеңімпаздарының материалдарын жіберу;

-2025 жылы желтоқсан-қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Шолаққорған ауылы, Әйтеке би көшесі №56 ғимаратында орналасқан Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне ұсынылуы тиіс.

Бетті дайындаған: Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Отанға қызмет ету-отбасылық тәрбиеден

Егеменді еліміздің Президентінің бастауымен биылғы жылды «Еңбек мамандықтары жылы» деп жариялап жатқанына өте қуаныштымын. Өйткені менің ата-анам, ата-әжелерімде еңбек адамдары болған. Таң атқаннан күн батқанша отбасын, бала-шағасын асырау үшін тер төкті. Әрі ол еңбегі мемлекетіміздің дамуына да зор үлесін берді. Ғимараттары аспанмен таласқан қалалар, сайын даласы егінмен жайқалған алқаптар, таулар мен құла дүзді жалғап жатқа мыңдаған шақырымды жолдар бәрі де еңбек адамдарының күшімен жасалған дүниелер. Менің өзім 2006 жылы Созақ ауылында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Әкем Имамов Шавкат Парманқұлұлы мұғалім, анам Рысбаева Гулчехра Зафарқызы үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айна-



лысады.

Мен 2012 жылы ауылдағы Әлішер Науайы атындағы


жалпы орта мектептің бірінші сыныбына барып, оны бітірген соң 2022 жыл №1 колледждің «тігінші» мамандығын игеруге арнайылап барып, оқуға қабылдандым. Қазір осы оқу орнының 3 курс студентімін. Киім тігудің түрлі қыры мен сырын үйрендік. Оқу орнын бітірген соң өзімнің киім-кешегімнен бастап, көрпе-жастық, түрлі халыққа қажетті заттарды тігетін, пішетін ательемді ашсам деген мақсатым бар. «Армансыз, мақсатсыз адам болмайды. Алға қойған мақсатқа қажырлы, білімді, білікті, сабырлы адамдар жетеді» дейді. Сондықтан ондай қасиеттер менің бойымда да бар деп ойлаймын.

Қалбибі ПАРМАНҚҰЛ, №1 колледждің «тігінші» мамандығы бойынша 3 курс студенті.

Бірінші амандығың, екінші мамандығың

Мемлекет басшысы өзінің осы күнге дейінгі жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында жастар мәселесі, жұмыссыздықты жоюдың жолдары туралы көптеген бағыттарды көрсетіп келеді. Сонымен қатар биылғы жылды қарапайым еңбекшілер жылы деп жариялады. Менің өзім тәуелсіздік жылдары туылған азаматымын. 2007 жылы Созақ ауылында көлік жүргізушінің отбасында өмірге келдім. 2023 жылы Созақ жалпы мектеп гимназиясының 9-шы сыныбын бітіріп Созақ ауылындағы №1 колледждің «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығының 1-курсына қабылдандым. Қазірде осы колледждің №95 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» тобының 2 курс студентімін. Жоғарыда айтқанымдай әкем Жиенбаев Әуесхан Қорғанұлы. Қазақатомөнеркәсіп» АҚ

ҰАК қарасты уран кенін өндіретін «Волковгеология» өндірісті мекемесінде жүргізуші болып жұмыс атқарып келеді. Жұмысында абыройлы, жауапты, ұжымына сыйлы жан. Ал анамыз Гаипова



Халида Бейсенбайқызы мен оқитын №1 колледжде аула сыпырушы болып еңбек

етіп, ата-анамыз осылай бізді бағып-қағып, аялап өсірді. Енді сол кісілердің үмітін ақтау, оларға бір шетінен қолғабыс жасау біздің басты парызымыз. Мен де әкемнің жолын қуып ауылшаруашылығы техникасын тізгіндесем деймін. Еңбек әрқашанда адамды шыңдайды. Түрлі жаман әдеттер мен зиянды істерден аулақ ұстайды. Мен арасында салауатты өмір салтын ұстанып, таза ауада, тауда сөйілдегенді ұнатамын. Жұмысшы мамандығы ең қадірлі, абыройлы, жауапты, өнегелі мамандық. Мамандықтың жаманы болмайды. Ең бастысы сол кәсіптің биігіне жете білуіміз керек.

Шыңғысхан ҚОРҒАН, №1 колледждің «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» тобының 2 курс студенті.

Жастарымыздың білімді болғаны абзал

Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық университетінде киелі Созақ ауданының көптеген жастары білікті білім алуда. Олардың біршамасы еліміздің түрлі қалалары мен облыс орталықтарында әр түрлі салаларда еңбек етуде. Біздің білім ошағымыз Қазақстан елінде ең қлассикалық университет мәртебесіне ие. ҚазҰУ-ті еліміздің барлық жоғарғы білім беру жүйесінің тірегі болып саналады. Бұл университет ғылыми инновациялық дамуының алдыңғы қатарында. Университетте әр алыс, жақын елдің аймағынан келген студенттер білім алуда.

Созақ елінің талай перзенті білім алып шыққан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің гуманитарлық және техникалық мамандықтары бойын-

ша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындау үстінде. Мысалы, магистранттармен докторанттарға екі адамның ғылыми жетекшілік ету тәжірибесі берілген. Шетелде тәжірибелік практикасын өтуге мүмкіндігі бар. Университетімізде 15 факультет бар және олар әр түрлі саланы қамтиды. Мұнда студенттер жан-жақты терең теориялық даярлықтан өтеді. Жоғары оқу орнына тән ерекшелік - оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестіріле жүргізіледі. Білім ошағында ең ірі корпоративтік интернет жүйесі бар және оқу залдарымен, жатақханаларымен жақсы қамтылған. Аталмыш оқу орны көптеген шетелдік университеттермен келісім шарт жасаған. Жастардың білімді, білікті маман

иесі болуына жақсы бағыт бағдар. Корея Республикасы «Hankuk University of Foreign Studies», Тайвань «Ching Yun University» аталған университеттермен серіктес университет болып табылады.

Білімнің қара шаңырағы атанған оқу орны «Рейтинг.кз» зерттеу орталығы жүргізудің қорытынды бойынша алдыңғы орынға ие болуда. Осы қара шаңырағымыздан көптеген қоғам қайраткерлері, облыс, аудан басшылары, депутаттар, ақындар, көк туымызды желбіреткен спортшылар және өз ісінің білімді білікті мамандары тәрбиеленіп шықты.

Ж.ҚАРАШЕВА, Қазақ Ұлттық университетінің PhD докторы.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз-белгілі бір ұлттың тарихи, мәдени, әлеуметтік өмірінің негізінде қалыптасқан және сол ұлттың мәдениетін, дәстүрін, өмір салтын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін моральдық және рухани құндылықтар жиынтығы. Бұл құндылықтар халықтың тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына, мәдениетіне және дәстүрлеріне тікелей байланысты. Олар халықтың бірегейлігін, ұлттық даралығын көрсетеді, қоғамның рухани дамуына ықпал етеді.

Ұлттық құндылық дін руханиятының бір бөлігі

Дін руханияты-бұл адамның дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын, моральдық ұстанымдарын қалыптастыратын рухани күш. Дін адамның ішкі дүниесін тәртіпке келтіріп, оның рухани дамуына ықпал етеді. Қазақ халқының рухани өмірінде ислам діні маңызды орын алады. Ислам қазақ қоғамының моральдық-этикалық негізін қалыптастырып, халықтың ұлттық құндылықтарымен үндесіп келеді.

Дін мен ұлттық құндылықтардың бірлігі халықтың рухани өмірін байытып, оның мәдениетін сақтауға қызмет етеді. Ұлттық құндылықтар мен дін руханияты арасында тығыз байланыс бар. Құндылықтар халықтың рухани өмірінің негізін құраса, дін бұл құндылықтарды өмірде жүзеге асырудың жолдарын көрсетеді. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен ислам діні бір-бірін толықтырып, халықтың өмір сүру салтына үйлесім табады. Мысалы, қазақ халқында үлкендерге деген құрмет, жастарды тәрбиелеудегі ұстанымдар, отбасы мен қоғамдағы сыйластық-мұның бәрі ислам дінімен үндесіп, адамның рухани дамуына бағытталған. Исламда да әдептілік, адал-

дық, қайырымдылық, өзара көмек көрсету сияқты құндылықтар басым. Қазіргі уақытта қоғамымызда діни ағымдардың әсері, әсіресе жастар арасында, өткір мәселеге айналып отыр. Жаһандану мен ақпараттық технологиялардың дамуы, әлеуметтік желілер мен интернеттің кең таралуы діни ағымдардың таралуын жеңілдетіп, олардың әсері күшейгенін байқатады. Бұл мәселе қоғамның рухани қауіпсіздігін сақтауға, жастарды дұрыс жолға бағыттауға деген қажеттілікті арттыра-

ды. Бұл тұрғыда ұлттық құндылықтар мен дін руханияты арасындағы үйлесімділік діни ағымдардан сақтанудың төте жолы ретінде қарастырылып отыр.

Ұлттық құндылықтар мен дін руханиятының бірлігі-діни ағымдардан сақтанудың төте жолы болып табылады. Бұл екі фактордың үйлесімі жастарды дұрыс жолға бағыттап, олардың қоғамда тұрақты және жауапкершілікті азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау, дәстүрлі исламның шынайы мәнін түсіну және жастарды дұрыс діни біліммен қамтамасыз ету - діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу үшін маңызды қадамдар болып табылады. Сонымен қатар, қоғамның діни және мәдени қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бұл құндылықтарды сақтап, дамыту қажет.

Н.ӘБУХАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Жастар және дін: рухани тәрбиенің маңызы

Қазіргі заманның қарқынды өзгерістері мен жаһанданудың әсері жастардың рухани дамуына ерекше ықпал етуде. Жастар-қоғамның қозғаушы күші әрі болашағы. Осы орайда, олардың саналы, ізгі, рухани құндылықтарға бай азамат болып қалыптасуы - маңызды міндеттердің бірі. Бұл үдерісте діннің, әсіресе рухани тәрбиенің алар орны ерекше.

Дін- адамның ішкі жан дүниесін байытып, оның өмірлік ұстанымдарын бекітетін басты рухани тірек. Діннің негізгі мақсаты-адамды ізгілікке, мейірімділікке, әділеттілікке және өзара құрметке тәрбиелеу. Бұл құндылықтар жастардың:

-Моральдық қағидаларды қабылдауына;

-Қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге;

-Төзімділік пен сабырлық қасиеттерін бойына сіңіруіне ықпал етеді;

Ислам діні мәселен, адамның адамгершілік қасиеттерін жетілдіріп, Аллаға сенім арқылы рухани тепе-теңдікке жетуді көздейді. Жастар арасында осы құндылықтарды түсіну мен игеру олардың тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

Рухани тәрбие-адамның ішкі жан дүниесін байытып, адамгершілік, әділеттілік, мейірімділік, сабырлық сияқты құндылықтарды бойына сіңіру. Дін осықұндылықтарды негіз етіп, қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауғабағытталады.

Жастар үшін рухани тәрбие:

-Өзін-өзі тануға көмектеседі;

-Мақсатты өмір сүруге жетелейді;

-Отбасылық және әлеуметтік қатынастарды нығайтады;

-Қоғамдағы жауапкершілікті сезінуге ықпал етеді.

Дін жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін тереңдетуге бағытталған қуатты құрал. Ислам діні, мысалы, адамды Алланы тануға, шүкіршілік пен сабырлыққа, жақсылық жасауға және басқаларға жанашырлық танытуға шақырады. Соңғы жылдары жастар

арасында дінге қызығушылықтың артқаны байқалады. Бұл бірнеше факторларға байланысты:

1.Рухани ізденіс-материалдық құндылықтардың үстемдігі жастарды рухани бос көңілдікке әкеледі. Олар бұл бос орынды толтыру үшін дінге бет бұрады.

2.Әлемдегі тұрақсыздық пен дағдарыс - сенімнің, үміттің және тыныштықтың көзі ретінде дінге жүгіну.

3.Отбасылық тәрбие-рухани құндылықтармен танысуға ықпал ететін негізгі орта.

Алайда дінге қызығушылықтың артуы кейбір қауіптерді де тудырады. Жастар арасында діни білімнің жеткіліксіздігі мен ақпаратты дұрыс сүзбеу радикализмге немесе дінге деген теріс көзқарасқа әкелуі мүмкін. Сондықтан олардың діни сауаттылығын арттыру өте маңызды.Жастардың дін арқылы рухани дамуы тек жеке бастың немесе отбасылық тәрбие деңгейінде қалмауы керек. Бұл үдерісте білім беру мекемелері, мәдени орталықтар, діни ұйымдар және мемлекет өзара ынтымақтастықта жұмыс атқаруы тиіс.

-Медиа мен әлеуметтік желілер жастарға дұрыс бағытта ақпарат таратуы тиіс.

-Діни ұйымдар жастар арасында шынайы діннің бейбітшілік пен адамгершілікке шақыратынын насихаттауы қажет.

Қорытындылай келе, жастардың рухани тәрбиесі-қоғамның тұрақтылығы мен болашағы үшін аса маңызды. Діннің бұл үдерістегі орны ерекше, себебі ол жастарды рухани бай, адамгершілігі мол, өз еліне, отбасына және қоршаған ортаға жауапты тұлға ретінде тәрбиелеуге бағыттайды. Сондықтан рухани тәрбие мен діни білімді үйлестіре отырып, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру-барша қоғамның ортақ міндеті.

Р.ИСМАТУЛЛА,
Теолог маман.

Жат ағым жетегінде кетпейік!

Ислам діні ақиқат пен парасаттылық, адамгершілік пен кішіпейілділік секілді кісілік қасиеттерге үгіттейтін дін. Сол қасиеттерді жүзеге асыратын, пенделерді өркениетке бастайтын ұлы ғұлым. Ал сол дүниелерді жүзеге асырып қолға алатын ұлттың болашағы сол жастар. Олардың мүдделері ел игілігі, сол үшін де олар әрқашан бірге болуы, бірге қол ұстаса, иық тіресе қызмет етулері тиіс. Кез келген мемлекеттің гүлденуі, өркендеуі, ішкі тұрақтылығы мен ауызбіршілігіне байланысты. Қоғам ауызбіршілік, ынтымақтың арқасында кез-келген қиыншылықтарды жеңеді. «Байлық байлық емес, бірлік байлық» демекші қазақ халқының басына түскен талай қысылтаң кездерде осы бірліктің арқасында шешімін тауып отырған. ХХІ ғасырдаинтернеттің дамуымен қатар, виртуалды әлемдегі теріс деструктивті ағымдардың да белсенділігі артып отыр. Бұрын көше кезіп өз сенімдерін таратқан олар бүгінде заман талабымен толықтай ғаламторға табан тіреді деседі болады. Алайда, негізгі еретасы, белгілері өзгерген жоқ. Мұндай деструктивті ағымдарды тану үшін адамға дін ғұламасы болу керек емес. Жат ағымдардың негізгі белгілерін тани білсе, кез келген адам теріс идеологияны таратқан дінбұзарлардың қақпанынан аман қалуы мүмкін екені баршамызға аян.

Ал жастар болса қоғамның негізгі қозғаушы күші. Жастардың дінге деген көзқарасы, түсінігі тәрбиеден бастау алады. Қазірде ислам атын жамылып халықты түрлі сенімге бөлген жат ағымдардың қоғам тұтастығына сызат түсіріп отырғаны алаңдатады. Себебі, жат ағым өкілдері таратқан түрлі ақпараттардан дәстүрлі діни сенім мен ұлттық салт-санамызға мүлдем кереғар көзқарас ұстанушылары көбейе бастады. Осылайша дәстүрлі дін мен ағымның арасын ажырата алмаған жастарымыз жалған ағымның жетегіне еріп кетуде. Діннің атын жамылған жат ағымдардың мүшелері діни сауаты төмен, әлеуметтік тұрмысы нашар жастарымызды қатарларына кіргізу үшін, өздерін ақиқат жолындағы шынайы діндарлар етіп көрсетеді. Отанына, отбасына және ата-бабамыз ғасырлар бойы дәріптеген дәстүрлі дініне күмән тудырып, қалыптасқан салт-дәстүрімізге қарсы қояды. Сондай-ақ, бұндай топтағы азаматтар отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімдерін бағаламайды әрі мемлекеттік рәміздерді, жергілікті биліктің шығарған заңдарына бағынбайды және мойындамайтын жәйттерді көзіміз көріп жүр.

Зайырлы мемлекетіміздегі дін мен дәстүр бірлігі - өткеніміздің тарихы, болашағымыздың кепілі. Сондықтан да жастарды әртүрлі жат ағымдардың жетегінде кетуден сақтандыру үшін оларды жастайынан өзінің асыл дінін, төл тарихын, ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп өсуіне баса мән беру өте маңызды. Осы тұрғыда дәстүрлі тәрбие мен рухани тәрбиені сабақтастыра отырып толық кемелді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үшін баршамыз бірлікте қызмет етуіміз қажет.

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде жас та, кәрі де елде не болып жатқанын күндіз-түні аса қырағылықпен бақылап отыратыны рас.

Сонымен қатар елімізде діни экстремизмді, этносаралық алауыздықты тудыруда интернеттің айтарлықтай ықпалы өсті. Яғни, әлеуметтік желілерде ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарды өршіту белең алуда. Бір өкініштісі, әлеуметтік желіге кірген ел тұрғындары өздерінің саяси, діни сауатсыздықтарының салдарынан желіде мақсатты түрде жалған немесе бұрмаланған ақпараттар таратып немесе халықты әдейі арандатып

отырған адамдарды қолдап, қолпаштап, «лайк» басып, астына «тисе терекке, тимесе бұтаққа» пікір жазып, теріс қоғамдық пікір тудыруға үлес қосып отыр. Яғни, ел ішін ала тайдай бұзғысы келген жалған ақпараттардың таралуына және бүгінгі қазақтың қырықпышақ болып әлеуметтік желіде дауласуына интернеттің ықпалы зор. Сонымен қатар жастарымыздың жат ағымға еруіне бірнеше факторды көрсете кетсек:

1.Діни сауатының төмен болуы не болмаса дінге деген қызығушылық, шала сауаттылық, сезіміне ерік беріп өзінің қалай адасқанын білмей жат ағым ықпалында кетіп жатады.

2.Отбасындағы тәрбиенің мардымсыздығы мен ата-анасының қарауынсыз қалуы. Көпшілігіміздің ата анамыз күнкөрістің қамымен таңнан қара көшке дейін жұмыста болғандықтан, бала тәрбиесіне көңіл бөлуге уақыт тапшы болып жатады. Ең бастысы осы балаларым қатарынан қалмай, киімі бүтін, жаңа, тамағы тоқ, қалтасында қымбат смартфонны мен қалағында құлаққап болса болды деп материалдық жағына басымдық беріп жатады, бұл болса дәстүрлі емес діни ағым мүшелері үшін орасан зор пайда.

3. Ғаламтордағы теріс уағыз насихат, түрлі посттар мен арандатушылықтар жастарды жарға жығуға итермелейтін күшті белсенді фактор.

4.Жұмыс орны мен араласатын ортасы. Қазақ даналығында «Ортаң түзу болсын!» деген керемет дағды бар. Жалпы дәстүрлі емес діни ағым мүшелері мемлекеттің құзырлы жұмыс орындарынан бас тартып, сауда саттықта береке бар дегенге басымдық беріп, сауда саттық, құрылыс заттары мен түрлі дүңгіршектерде, жағдайы жеткендер жеке кәсіп пен айналысқанды жөн санайды.

Дін мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, отанды сүю, бейбітшілік пен тыныштық басты мұратымыз, ал ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін кереғар діни ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуден шаршамайық. Негізгі әрбіріміздің білуіміз керек нәрсе, ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлі ислам бізден үй ішінен үй тігіуді немесе түрлі ағымға бөлініп, кейбір діни-саяси топтың қолшоқпары болып, бүлік шығаруды емес, керісінше қоғамдағы ынтымақ пен бірлікті ұстануды бұйырады. Ислам адам баласын бейбітшілік пен бірлікке тәрбиелейді. Сол себепті бізге берілген осындай ұлан-байтақ даланың еркіндігімен тыныштығын бірге сақтайық. Сөздің соңын қорытындылай келе жастарды әртүрлі жат ағымдардың жетегінде кетуден сақтандыру үшін оларды жастайынан өзінің асыл дінін, төл тарихын, ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп өсуіне баса мән беру өте маңызды. Ғасырлар бойы ұлы даламызда салтанат құрып келе жатқан ұлттық құндылығымыз бен болмысымыздың қадір-қасиеті адамзат үшін басты құндылық. Ал жақсы тәрбие алған ұлдар жау келгенде жайдақ атқа міне шабатын өжет, батыл, адал, жеріне, туған халқына ыстық ықыласты, үлкенге де, кішіге де қамқор бола біледі. Ұлттық ізгі дәстүрімізді ескіліктің қалдығы деп мұрын шүйіре қарамай,осы заманға лайықтысын таңдап алып, инабатты қыз, ұлағатты ұл тәрбиелеу ата - ананың міндеті. Ұлт ұлысы М.Әуезов «Ұлыңды тәрбиелей отырып халықты тәрбиелейсің, қызыңды тәрбиелей отырып ұлтыңды тәрбиелейсің», - деп бекер айтпағаны анық.

Е.ЕШТАЙ,
Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің маманы.

12 наурыз 2025 жыл №1

Созақ ауданының Сызған ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6-тармақшасы, 21-бабының 4-тармағы және 22-бабы негізінде Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Созақ ауданының Сызған ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде Сызған сайлау округі Сызған ауылдық округі шекарасында құрылсын.

2.Сызған сайлау округі, оның шекаралары және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері (Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №5) аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Т.Бекқұлы**Н.Қошқарбаев**

* * *

12 наурыз 2025 жыл №2

Созақ ауданы Сызған ауылдық округі әкімінің кезекті сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Заңда белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты 2025 жылғы 20 сәуірге Сызған ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын.

2.Әкімдікке кандидаттар ұсыну 2025 жылғы 13 наурыздан басталсын.

3.2025 жылғы 20 сәуірге тағайындалған Сызған ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі қоса беріліп отырған негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4.Осы қаулы Созақ ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және «Sozak uni» газетінде жариялансын.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Т.Бекқұлы**Н.Қошқарбаев**

* * *

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 12 наурыздағы №2 қаулысына қосымша

Созақ ауданының Сызған ауылдық округі әкімін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

- Сызған ауылдық округі әкімі сайлауын тағайындау
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (133-б.)
- Сайлау округінің тізімін, шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей-
2025 жылғы 22 наурызға дейін (22-б.2-т)

- Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей-
2025 жылғы 22 наурызға дейін (13-б. 4-т.)

- Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей-
2025 жылғы 26 наурызға дейін (17-б. 2-т.)

- Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудан әкімі
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде-
2025 жылғы 26 наурызға дейін (23-б. 5-т.)

- Әкімдікке кандидаттар ұсыну
Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар

Сайлау тағайындалған күннен кейінгі күні басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. (13.03.2025 жылы басталады- 25.03.2025 ж, сағат 18.00-де аяқталады)(113-3-б. 1-т.)

- Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау үшін жинақталған құжаттарды мемлекеттік қызмет істері жөніндегі облыстық департаментке ұсыну

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (113-2-б.)

- Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.2-т)

- Әкімдікке өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған кандидаттарға, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Кандидаттың Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және

мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)

- Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органың жұмыскерлерін тарта отырып

Қол қою парақтары аудандық аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 8-т.)

- Созақ ауданы әкімі аппаратының шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізуі

Әкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) (113-5-б. 2-т.)

- Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) (113-5-б. 3-т.)

- Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру

Мемлекеттік кіріс органдары. Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 3-т.)

- Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен жиырма күн бұрын жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (30.03.2025 ж сағат 18.00-ге дейін) (113-5-б.)

- Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)

- Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру

Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)

- Сайлау алдындағы үгітті жүргізу

Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады

2025 жылғы 30 наурыз сағат 18.00-де басталады және 2025 жылғы 19 сәуір сағат 00-де аяқталады (27-б. 2-т.)

- Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудан әкімдігі және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)

- Әрбір сайлау учаскесі бойынша аудан әкімі қол қойған сайлаушылардың тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну

Аудан әкімі. Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын- 2025 жылғы 31 наурыз (24-б. 5-т.)

- Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда- 2025 жылғы 5 сәуірден бастап (26-б. 1-т.)

- Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей- 2025 жылғы 10 сәуірден кешіктірмей (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

- Дауыс беруге арналған сайлау бюллетендерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын- 2025 жылғы 19 сәуір (37-б. 3-т.)

- Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда

Жергілікті уақыт бойынша сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)

- Дауыс беруді өткізу

Учаскелік сайлау комиссиялары. Сайлау күні, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)

- Дауыстарды санау және сайлау учаскелерінде әкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары. Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (43-б.)

- Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу

Учаскелік сайлау комиссиялары

Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)

- Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары

Хаттамаға қол қойылғаннан кейін– дереу (113-8-б. 1-т.)

- Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей (113-10-б.)

- Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей (44-б.)

- Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәлік беру

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде

Сайланған әкімнен жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім

мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін (45-б., 46-б. 3-т, 113-11-б. 1-т)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы құрамы

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5 «Мыңжылқы» мәдениет сарайы ғимараты. телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04. sozak.sailaukomissia@bk.ru

P/c	Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Сайлау комиссиясындағы лауазымы	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	Бекқұлы Талғат Нағиұлы	Комиссия төрағасы	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төраға орынбасары Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Шолаққорған ауылдық округі әкімінің көмекшісі Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» директор Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп» директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ директоры	"AMANAT" партиясы
2	Оспанов Руслан Әлиұлы	Төраға орынбасары		"Созақ жастары" қоғамдық бірлестігі
3	Қошқарбаев Нұрболат Биболатұлы	Комиссия хатшысы		"Нұрлы Әлем" қоғамдық бірлестігі
4	Орманов Мурат Омиртаевич	Комиссия мүшесі		"Ақжол" демократиялық партиясы
5	Мәлікайдаров Серғали Өмірзақұлы	Комиссия мүшесі		«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы
6	Өтепов Жамбыл Ақынқожаұлы	Комиссия мүшесі		"Желтоқсан Ардагерлері" қоғамдық бірлестігі
7	Майусова Нуржамал Әбілжанқызы	Комиссия мүшесі		"Бақ-Нұры" іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі

2025 жылғы 20 сәуірге тағайындалған Сызған а/о әкімінің сайлауын ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз ететін учаскелік сайлау комиссияларының шекарасы, құрамы, орналасқан жері туралы

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және мекен-жайы, шекарасы	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы Орналасқан жері Елді мекені	Көше	Үй	Сайлау комиссиясының құрамы, қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	701 уск	Қозмолдақ учаскесі Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «F.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: Қозмолдақ ауылы Қ.Тоқмұхамедов, Т.Төреханов, Ж.Дәуітбаев, М.Берістемов, Т.Қойбаев, Т.Момбеков, Қ.Рүстемов, Басбұлақ-1, Басбұлақ-2 көшелері және құм тау бөктеріндегі мал жайылымдары.	Сызған ауылдық округі Қозмолдақ елді мекені	Т.Момбеков	21	1.Оразхан Кәдірханұлы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы 2.Қалдыбек Сәдібек Жақыпбекұлы-комиссия орынбасары "Ақжол" демократиялық партиясы 3.Нуртанова Жанар Мейрбековна-комиссия хатшысы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі 4.Айтқұлова Жанар Утегеновна-комиссия мүшесі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі 5.Жылысбаев Кенжебек Мырзахметович комиссия мүшесі, "Ауыл" партиясы
2	702 уск	Сызған учаскесі Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Қ.Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: Сызған ауылы Е.Алдасүгірұлы, Мектеп, Тастақ, Кәріағаш көшелері және құм тау бөктеріндегі мал жайылымдары.	Сызған ауылдық округі Сызған елді мекені	Мектеп	9А	1.Сержан Бегманұлы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы 2.Ошакапова Гүлайым Серікқызы-комиссия орынбасары "Ақжол" партиясы 3.Удербоева Толғанай Есенқарақызы-комиссия хатшысы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі 4.Кемельбекова Әлмира Айтжанқызы-комиссия мүшесі, "Ауыл" партиясы 5.Смагулов Ербол Қайнарбаевич-комиссия мүшесі, "Созақ жастары" қоғамдық бірлестігі
3	703 уск	Қайнар учаскесі Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: Қайнар ауылы Ж.Әділбеков, Б.Әметшиев, Мектеп-1, Мектеп-2, Қайнар бұлақ көшелері және Мардан ата жайылым аумағы, құм тау бөктеріндегі мал жайылымдары.	Сызған ауылдық округі Қайнар елді мекені	Ж.Әділбеков	29	1.Жотабаева Балхия Рысмаханбетқызы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы 2.Мухамадинова Надыра Камбаровна-комиссия орынбасары "Нұрлы-Әлем" қоғамдық бірлестігі 3.Тастанова Шахсанам Шаяхметқызы-«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігі 4.Асанов Мади Созакбаевич-комиссия мүшесі "Ақжол" партиясы 5.Белгибаев Мухтар Аубакирович-комиссия мүшесі, "Созақ жастары" қоғамдық бірлестігі

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Хабарландыру

Құрметті салық төлеушілер!

Жеке тұлғалардың салық төлеуі тұрғылықты жері бойынша бюджетке есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей жүргізіледі. Яғни, 2024 жыл үшін есептелген көлік салығын 2025 жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей төлеуі тиіс.

Көлік құралының меншік иесі атынан иеліктен шығару құқығымен көлік құралын басқаруға арналған сенімхат негізінде сенім білдірілген болып табылатын жеке тұлғаның салықтық кезең үшін көлік құралдарына салық төлеуі көлік құралы меншік иесінің осы салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

Заңды тұлғалар ағымдағы төлемдер сомасын төлеуді салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша ағымдағы төлемдерді салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей енгізу арқылы жүргізеді.

Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе жедел басқару құқығын салықтық кезеңнің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар көрсетілген көлік құралы бойынша салық төлеуді салықтық кезең үшін декларацияны ұсыну мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

**Созақ ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы.**

Мұрагерлік ашылды

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент ауылы, 1 ы/ауданы 16/1 үйде тіркеліп, 2024 жылдың 31 шілдеде қайтыс болған азамат Кенжебаев Кадырбектің атына мұрагерлік іс ашылды.

Мұрагерлердің Түркістан облыстық нотариаттық округінің нотариусы Аманкулова Сауле Камбаровнаға хабарласуын сұраймын.

Мекен жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 69 үй (ЦОН ғимараты 2-ші қабат).

Телефон нөмірі: 8-701-733-99-80.

Нотариус: С.К.Аманкулова.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда

Созақ ауылының тұрғыны, асыл ана, ардақты әже, аяулы жар **Утенбаева Ниязбике Гафурқызы** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың нұрлы бейнесі жадымыздан өшпек емес.

Кейтсеңдағы бізден алыс мәңгілік,

Жүрміз әлі сағынышпен қамығып.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда,

Жадымызда тіұрар әркез жаңғырып, - деп, асыл анамыз Ниязбике Гафурқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 23 наурыз күні (22 наурыз – қонақ асы) Созақ ауылындағы өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Қожамқұловтар әулеті.



Жұмақтан болсын мекенің...



Шымкент қаласының тұрғыны, асыл ана, ардақты жан, аяулы жар, отбасының қамқоршысы болған **Патима Бейжанқызы** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Бақыт шамын жақтың ана баршаға,

Жылу тапты ұл-қызың да қаншама.

Әруағың құрметі тұттып ас берме,

Нүетіміз бар еді ана баршаға, - деп,

асыл анамыз Патима Бейжанқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас–22 наурыз күні (21 наурыз–қонақ асы сағат 18:30-да, ауызашар уақыты) Шымкент қаласы, «Ақмешіт» мешітінің (MUMTAZ) асханасында сағат 18:30-да, ауызашар уақытында беріледі.

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары,
Рысдаулетовтер әулеті.**

«№1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұжымы және кәсіподақ ұйымы колледждің техникалық қызметкері Ыбраева Қалдыкул Қалмағанбетқызына жұбайы

Өтеулиев Марат Айдынбекұлының

мезгілсіз қаза болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өткір тұр. Сыбайлас жемқорлық-бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және

рінің көшбасшысы болып табылады. Көптеген жылдар бұрын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы Заң алғаш рет кірді, одан әрі арнайы органдар, партиялар құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық және облыстық қоғамдық кеңестер құрылды, онда бірінші жылы 5000-нан астам азаматтардың өтініштері қабылданды. Өкінішке орай, Қазақстан сыбайлас жемқорлық деңгейі бойын-

рамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді.

«Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл-жел диірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын кө-

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

еліміздің имиджін төмендетеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 01 қыркүйекте Президент өзінің “Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты” Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі. Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі бүкіл әлемнің басты проблемаларының бірі болып табылады. Өкінішке орай, Қазақстан сыбайлас жемқорлық бойынша ТМД елде-

ша ТМД елдерінің алдыңғы қатарында. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық ауқымдылығына ғана байланысты ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес-қоғам талабы. Мінсіз қоғам-жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір-парақорларсыз өмір, мықты мемлекет-жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамызды ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту-азаматтық міндетіміз. Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндет атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қа-

ріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орындалғанына куә болуы керек. Әзірге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шеңбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал жүйелі проблемалар шешілмеген күйі тұр», деді Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңесте сөйлеген сөзінде.

**С.АХАТАЕВ,
Кентау қаласының ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы.**

Орманды өрттен қорғайық!

Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі-сөндірусіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыз, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

**Айбек ҒАНИЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің аға орманшысы.**

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтап, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

**Нұрмат ӘЛХАН,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы..**

Сексеуілді қорғау-әрбіріміздің міндетіміз

Ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелердің бірі – «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі». Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Орманшы жігіттер жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарып келеді. Жылда сексеуілді қорғау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бұл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және қауап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз.

Дегенмен де сексеуілдің отаны аталатын біздің ауданымызда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғаны қуантады. Бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, отын қорымыз ұлғая беретіні сөзсіз.

**Серікқали СМАЙЛ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

Тіл-халықтың жаны



Мен-өзге ұлт өкілімін. Бірақ Қазақстан-менің туған жерім, жүрегіме жақын, жанымның бір бөлшегіне айналған Отаным. Осы елдің аспанымен тыныстап, осы жердің топырағында өсіп, суын ішіп, ауасымен ержеткен мен үшін Қазақстан-тек тұратын мекен емес, ол-менің тағдырым. Сондықтан да бұл елдің тіліне, мәдениетіне, тарихына құрмет көрсету-мен үшін үлкен абырой.

Қазақстан-көпұлтты мемлекет. Мұнда қазақтармен қатар, орыстар, өзбектер, татарлар, украиндар, ұйғырлар, кәрістер және тағы басқа көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бізді біріктіретін-бейбітшілік, достық және бірлік. Дегенмен, кез келген мемлекеттің басты белгісі-оның тілі. Қазақ тілі-Қазақстанның мемлекеттік тілі. Бұл тілдің қадірін түсіну, оны құрметте-осы елде тұратын әрбір азаматтың парызы деп білемін.

Кейбіреулер: «Мемлекеттік тілді білмесем де, өмір сүре аламын, жұмыс істей аламын»-деп ойлайды. Бірақ меніңше, бұл-қате түсінік. Себебі, Қазақстанда өмір сүріп, қазақ тілін білмеу-осы елдің мәдениеті мен руханиятынан алшақ болу деген сөз. Мемлекеттік тілді білу-Қазақстанда тұратын әр адамның қоғамға деген құрметінің көрінісі. Қазақ халқы қашанда көңпейіл, қонақжай, мейірімді. Осы елдің жерінде өсіп-өркендеп жатқан әрбір азамат қазақ тілін үйренуге талпынса, бұл-сол халықтың дархан жүрегіне деген алғыс болар еді.

Қазақ тілі-өте бай, көркем тіл. Оны үйрену арқылы мен қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін тереңірек түсіндім. Абайдың, Мұқағалидың, Қасымның өлеңдерін оқи отырып, қазақтың кеңдігі мен тереңдігін сезіне алдым. Қазақ тілінің әуезділігі мен бейнелілігі кез келген адамды баурап алады. Бұл тілді тек үйреніп қана қоймай, оны құрметтеу, күнделікті өмірде қолдану-әрбір азаматтың міндеті деп ойлаймын.

Әрине, кез келген тілді үйрену оңай емес. Бірақ шын ниеттенсең, бәрі де мүмкін. Қазақ халқы тілді үйренем деген адамға қашанда қолдау көрсетеді. Олардың ықыласы, көмегі маған көп нәрсені үйретті. Қазақ тілін үйрену арқылы мен бұл халықтың жан дүниесін түсіне бастадым. Тіл арқылы мен қазақ халқының мінезін, ұлттық құндылықтарын, дүниетанымын сезіндім. Бұл – мен үшін үлкен байлық.

Қазір елімізді қазақ тілін дамытуға үлкен мүмкіндіктер жасалып жатыр. Мемлекеттік тілде сөйлейтін адамдар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Бұл-қуантарлық жайт. Дегенмен, қазақ тілін тек қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдері де білуі тиіс деп ойлаймын. Бұл-елге деген шынайы құрметтің белгісі.

Қазақта «Тіл-халықтың жаны» деген керемет сөз бар. Егер біз осы елде тұрып, оның мемлекеттік тілін құрметтемесек, онда біздің елге деген сүйіспеншілігіміз қаншалықты шынайы болмақ? Қазақстан-біздің ортақ үйіміз. Ал сол үйдің төрінде өзіне лайықты орын алатын қазақ тілі болуы керек.

Қорыта айтқанда, мен үшін «Тілге құрмет-елге құрмет» деген сөз – жай ғана ұран емес, өмірлік ұстаным. Қазақ тілін үйрену арқылы мен осы елдің нағыз азаматы ретінде сезіне алдым. Сондықтан әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді білуге, құрметтеуге тиіс деп ойлаймын. Қазақ тілі-біздің ортақ болашағымыз, ұлттың рухани тірегі. Ендеше, осы тілді құрметтеп, оның дамуына барлығымыз үлес қосайық!

Мехри АТКЕЕВА,
«Мемлекеттік тіл-тәуелсіздік символы»
байқауының қатысушысы.
Созақ ауылы.

Аудандық «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мамандарының ұйымдастыруымен «Мен қазақша сөйлеймін» тақырыбында аудан көлемінде акция болып өтті. Акцияға қатысушыларға жас ерекшелікке шектеу қойылмады. Жасөспірімдер, ата-аналар, мұғалімдер акцияға белсенді қатысып, ережеге сәйкес іс-шара қорытылып, жеңімпаздар анықталып, арнайы Дипломдармен,



«Мен қазақша сөйлеймін» акциясы

Алғыс хаттармен марапатталды. Жеңімпаздарға естелік ынталандыру сыйлықтары тапсырылды. Қазақ тілі-қазақ халқының ана тілі, ұлттық құндылығы, рухани байлығы. Әрбір азамат өз елінің тілін білуге, оны құрметтеуге және дамытуға тиіс. Қазақ тілі-мемлекеттік тіл. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, қазақ тілі-мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Бұл еліміздегі барлық азаматтардың оны меңгеруі және қолдануы қажеттілігін көрсетеді. Қазақ тілін білу-тек міндет емес, сонымен қатар елге деген құрметтің белгісі.

Тіл-ұлттың жаны. Тіл-кез-келген ұлттың негізгі белгісі. Қазақ халқының тарихы, мәдениеті,

дәстүрлері мен әдет-ғұрпы осы тіл арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген нақыл сөз бар. Яғни, басқа тілдерді білу пайдалы болғанымен, ана тілімізді ұмытуға болмайды. Бүгінде қазақ тілі ғылым мен білім, мәдениет пен өнер, экономика мен саясат салаларында кеңінен қолданылуда. Мемлекет қазақ тілін дамытуға ерекше көңіл бөліп, оны үйренуге жағдай жасауда.

Мен қазақша сөйлеймін! Қазақ тілін білу-әрбір азаматтың парызы. Егер біз ана тілімізде еркін сөйлесек, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдансақ, онда тіліміз дамып, болашағы жарқын болмақ. Сондықтан әрбір

қазақстандық қазақ тілін үйреніп, дамытуға атсалысуы керек. Мен қазақша сөйлеймін-бұл жай ғана сөз емес, бұл – ұлттық сана, патриотизм және қазақ тіліне деген құрмет. Қазақ тілін меңгеру арқылы біз еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, оның мәдени байлығын сақтаймыз.

Мен қазақша сөйлеймін, өйткені бұл-менің ана тілім, менің болашағым!

Жансая ТҮРМАХАНОВА,
Созақ ауданы әкімдігінің
мәдениет, тілдерді дамыту,
дене шынықтыру және
спорт бөлімінің «Тілдерді
оқыту және дамыту орта-
лығы» КММ орыс тілі
оқытушысы.

Тілге құрмет-елге құрмет

Тіл-халықтың ең асыл қазынасы, ұлттық болмысының айнасы. Тіл-тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар елдің тарихын, мәдениетін, рухани құндылықтарын сақтайтын күш. Ұлы Абай: «Тілдің қайнар көзі-халықта» деп, оның халық өміріндегі маңыздылығын атап өткен. Сондықтан тілге құрмет көрсету-елге деген шынайы құрметтің көрінісі.

Қазақ тілінің мәртебесін көтеру-әрбір азаматтың міндеті. Көптеген мемлекеттер ана тілін ұлттық бірегейліктің негізгі көрсеткіші ретінде қарастырады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілін дамытуға ерекше назар аударды. Ғалым Рәбиға Сыздықова: «Тіл-халықтың жаны, рухы» деп, оның халық өміріндегі айрықша рөлін көрсеткен. Егер халық өз тілін қадірлемесе, оның болашағы бұлыңғыр болады. Өмірден нақты мысалдарға назар аударсақ, көптеген дамыған елдерде ана тілі ең бірінші орында тұр. Мысалы, Францияда француз тілін заңмен қорғау арқылы оның қолдану аясын кеңейтті. Израиль халқы ежелгі иврит тілін қайта жаңғыртып, оны мемлекеттік деңгейге көтерді. Бұл мемлекеттердің тәжірибесі тілдің мемлекетті нығайтудағы маңызын көрсетеді. Менің ойымша, қазақ тілін дамыту үшін оны күнделікті өмірде белсенді



қолдануымыз қажет. Қазіргі кезде жастар арасында ана тілін білмейтіндер кездеседі. Бұл-қоғам үшін үлкен мәселе. Бұған әлеуметтік желілер мен шетелдік мәдениеттің ықпалы да әсер етуде. Осы орайда, қазақ тілінде сапалы контент жасап, оны жастар арасында кеңінен насихаттау – маңызды қадам.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ халқы қиын-қыстау кезеңдерде де өз тілін сақтауға тырысты. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» деген. Кеңес үкіметі кезінде қазақ тілі екінші дең-

гейге ығыстырылғанымен, халық ана тілін сақтап қалды. Бұл-тілге деген құрметтің, ұлттық рухтың мықтылығының дәлелі. Өз басым тілге деген құрметтің маңызын күнделікті өмірде байқаймын. Бірде қоғамдық көлікте қазақша сөйлескен жандардың кейбіреулері орысша жауап алды. Мұндай жағдайлар ана тілімізге деген салқын көзқарастың әлі де бар екенін көрсетеді. Бірақ қазіргі таңда қазақ тілінде сөйлейтіндердің саны артып келеді. Бұл-тәуелсіз елдің жетістігі. Менің ойымша, тілге құрмет көрсетудің ең тиімді жолы-оны өмірде белсенді пайдалану. Қазақ тілінің дамуы тек заңнамалық тұрғыдан ғана емес, әрбір адамның санасындағы көзқарастың өзгеруінен басталады. Егер әрбір азамат қазақ тілінде сөйлеп, оны дәріптесе, тілдің болашағы жарқын болмақ.

Қорытындылай келе, тіл-елдің рухани байлығы, оны құрметтеу-өз ұлтыңа, өз мемлекетіңе құрмет көрсету. Қазіргі заманда қазақ тілін дамытуға барлық мүмкіндік бар. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалану-әрбір азаматтың міндеті. Себебі тіл-ұлттың тірегі, болашағының кепілі.

Махиғұл ПУЛАТОВА,
«Мемлекеттік тіл-
тәуелсіздік символы»
байқауының қатысушысы,
Таукент кенті.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асқан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігін және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.